



ТҮЛЕКТЕРГЕ ЛЕЙТЕНАНТ ШЕНІ ТАБЫСТАЛДЫ



2025 жылғы 27 маусымда ҚР ҰҚК Шекара академиясында жас офицерлердің кезекті түлектеріне диплом тапсыру және шен беру рәсімі өтті. Салтанатты шара барысында 132 түлекке көптен күткен алғашқы офицерлік шен — лейтенант әскери атағы берілді.

Биыл ғасырлық тарихы бар, ТМД елдері арасында беделі жоғары Шекара академиясын 160-қа жуық курсант тәмамдады. Олардың ішінде білім мен тәртіпте үздік танылған 10 түлек қызыл диплом иегері атанды.

Халықаралық ынтымақтастық аясында білім алған 30-ға жуық шетелдік курсант өз елдеріне дипломмен аттанды.

Сондай-ақ, Академияның 40 магистранты оқуларын ойдағыдай бітіріп, еліміздің Мемлекеттік шекарасына аттанбақ, 3 докторант ғылыми жұмыстарын сәтті қорғады.

Мерекелік іс-шараға ҰҚК басшылығы, ардагерлер, курсанттардың ата-аналары қатысты. Олар түлектерді құттықтап, жаңа офицерлерге ҰҚК Шекара қызметінің атын абыроймен алып жүруге тілектестік білдірді.

Салтанат Академияның жауынгерлік туымен қоштасу рәсімі және түлектердің саптық ше-руімен аяқталды.

ҰҚК БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



ҚАЙНАР –
ҚАУІПСІЗДІКТІҢ
ҚАЙНАР КӨЗІ

2



ТЕМІРТҰЛПАР
ТІЗГІНДЕГЕН
ТАРЛАНДАР

7



АҚИҚАТ ПЕН
ЖАУАПКЕР-
ШІЛІКТІҢ
МЕРЕКЕСІ

10

ӨТКЕНІ МАҚТАНЫШҚА ТОЛЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Бұлақты» шекара бөлімшесі еліміздің шығысындағы мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған сенімді бекеттердің бірі. Бұл бөлімшенің тарихы терең, жауынгерлік даңқы жоғары. «Бұлақты» шекара заставасы 1969 жылы құрылған. КСРО МҚС төрағасының 1964 жылғы №0098 бұйрығына сәйкес, 1968 жылдың 1 қыркүйегінде қорғауға алынып, 1969 жылдың 13 тамызында Жалаңашкөл учаскесінде болған қарулы қақтығыс кезінде жеке құрам жоғары моральдық-психологиялық төзімділік пен батылдық танытты. 1970 жылы В.И. Лениннің 100 жылдық мерейтойына орай Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталып, шекарашылардың ерлігі мен ерен еңбегі жоғары бағаланды.

Бүгінде «Бұлақты» шекара бөлімшесі заманауи инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. Қару-жарақ сақтайтын орындар, тактикалық жаттығу қалашықтары, автотұрақ, қызметтік қоймалар мен қажетті инженерлік бөгеттермен толық жабдықталған. Бөлімше аумағы мен жауапты учаске шекара күзетіне толық бейімделген. Бөлімшенің жеке құрамы келісімшарт және мерзімді әскери қызметшілерден құралған және әрқайсысы арнайы дайындықтан өткен кәсіби мамандар. Әскери тәртіпке берік, ел мен жердің амандығын қорғауға серт берген сарбаздар шекараның тыныштығы үшін күндіз-түні қызмет етеді.

«Бұлақты» шекара бөлімшесінің негізгі міндеті – мемлекеттік шекараны қырағылықпен күзету. Шекара режимін бұзу әрекеттерінің алдын алу, есірткі және психотроптық заттардың, қару-жарақтың заңсыз тасымалына тосқауыл қою, экстремистік топтардың елімізге өтуіне жол бермеу – басты бағыттардың бірі. Қызмет барысында техникалық бақылау құрылғылары мен қызметтік иттер, бақылау камералары, радиобайланыс жүйелері кеңінен қолданылады.

Шекарашылар мемлекеттік шекараны күзету бойынша барлық нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып, күнделікті жауынгерлік тапсырмаларды сапалы орындайды.

Шекара бөлімшесінің күнделікті тыныс-тіршілігі қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттермен тығыз байланысты. Жеке құрамға бекітілген кестеге сәйкес тактикалық, дене және арнайы дайындық бойынша сабақтар өткізіледі. Әр сарбаз теориялық білім мен практикалық дағдыны қатар меңгеруге ұмтылады. Физикалық төзімділік, зейін мен ептілік – бұл шекарашының басты қасиеттері. Жеке құрам өзара ұйымшылдық пен тәртіпке бағына отырып, бөлімшенің ішкі тәртібін жоғары деңгейде ұстап келеді.

Шекараның қауіпсіздігі – ең алдымен сенімді техника мен үздіксіз байланысқа тәуелді. Бөлімше аумағында жаңа бақылау құрылғылары, байланыс жүйелері, пилотсыз ұшу аппараттары және арнайы техникалық құралдар пайдаланылады. Бұл жабдықтар шекара күзетін жеңілдетіп қана қоймай, қауіптің алдын алу шараларын тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Тәулік бойғы бақылау жүйесі арқылы



жауынгерлер шекара бойындағы әр қозғалысты жіті қадағалап отырады.

«Бұлақты» шекара бөлімшесі жергілікті тұрғындармен, ауылдық әкімдікпен және білім беру мекемелерімен тығыз байланыс орнатқан. Әскери-патриоттық іс-шаралар, ашық есік күндері, оқушыларға арналған танымдық экскурсиялар – бұл бөлімшенің қоғаммен байланысын көрсететін жарқын мысалдар. Шекара қызметінің мән-маңызын жастарға түсіндіру, Отан алдындағы борыштың қадірін ұғындыру – бөлімше ұжымы ұдайы атқарып жүрген игілікті істердің бірі.

1986 жылы «Бұлақты» шекара бекеті Шығыс Қазақстан шекара округінің үздік бөлімшесі деп танылып, марапатқа ие

болды. Сонымен қатар, 1975 жылғы КСРО ҚК Президиумының Жарлығымен бөлімшеге 1944 жылы фашистік басқыншылармен шайқаста ерлікпен қаза тапқан Кеңес Одағының батыры Ф.Ф. Озмительдің есімі берілді. Батырдың есімін иелену – бұл шекарашылар үшін зор жауапкершілік пен абырой.

Бөлімше болашаққа сенімді қадам жасап келеді. Шекара қызметін одан әрі дамыту мақсатында жаңа техникалармен жабдықтау, байланыс жүйесін жетілдіру, жауынгерлік мүмкіндіктерді арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Әскери қызметшілердің тұрмыстық жағдайын жақсарту, олардың кәсіби шеберлігін үнемі шыңдап отыру да басты назарда.

«Бұлақты» шекара бөлімшесі Қытай Халық Республикасымен 12 шақырымға жуық шекара бойын күзетеді. Мемлекеттік шекараны бірлесіп қорғау, өзара ақпарат алмасу, шекара режимін сақтау бойынша көрші елдің шекара қызметімен тығыз ынтымақтастық орнатылған. Мұндай байланыс – қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды тетік.

Шекара бөлімшесі жастармен жұмысқа ерекше көңіл бөледі. Болашақ шекарашыларды тәрбиелеу, патриоттық рухты қалыптастыру – күн тәртібіндегі басты мәселенің бірі. Мектеп оқушыларымен, колледж студенттерімен кездесулер, түсіндіру жұмыстары жиі ұйымдастырылады. Әскери қызметтің мәртебесін арттыру – бөлімшенің басты мақсаттарының бірі.

Бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Қаирлан Калабаев – жас болса да тәжірибелі офицерлердің қатарында. Ол 2024 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, алғашқы қызметін «Ақсақал» шекара бөлімшесінде бастаған. Қазіргі уақытта «Бұлақты» шекара бөлімшесінде жауынгерлік дайындықты үйлестіріп, жеке құраммен тәрбие жұмысын жүргізуде. Ел шекарасын сенімді күзету – оның басты мақсаты. Оның пікірінше, әр азамат үшін Отанға қызмет ету – үлкен мәртебе әрі қасиетті борыш.

Қай кезеңде болмасын, шекара – ел тәуелсіздігінің тұғыры. Осы тұғырды мызғымай қорғап келе жатқан «Бұлақты» шекара бөлімшесі – бүгінгі заман талабына сай қызмет атқарып жүрген, өткені мақтанышқа толы, болашағы нық ұжым.

**Аға лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет басқармадан.**

ҚАЙНАР – ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

«Қайнар» – шекарадағы күрделі және аса жауапты учаскелердің бірі. Аймақтың географиялық ерекшелігі – шекараның ашық жазық әрі қатынасқа ыңғайлы болуы. Мұнда жолдар көп, көлікпен өту оңай, кей жағдайда малмен немесе жаяу да жасырын өтуге әрекеттенетіндерде кездеседі. Осыған байланысты Қайнар шекарашыларының мойнына артылған жауапкершілік те орасан. Олар тек шекараны күзетіп отырған жоқ, мемлекеттің тұтастығын, елдің ертеңін қорғап отыр.

Мемлекеттік шекара – бұл тек картадағы сызық емес. Бұл – ата-бабадан қалған аманат. «Қайнар» шекара бөлімшесінің сарбаздары бұл ұғымды жүрегімен ұғады. Олардың әр қадамы – қырағылық, әр тынысы – сергектік. Күннің аптабында, желдің өтінде, қарашаның аязында да бұл сарбаздар шекара күзетінен жаңылмайды. Олар – сырт көзге көрінбейтін, бірақ ішкі рухы темірдей қайралған жігіттер.

Бөлімше бастығы – аға лейтенант Нұржан Әлімұлы Сейдахмет – өз ісіне берілген, тәртіп пен талапты қатар ұстана-тын офицер. Ол жас сарбаздарға әскери борышты тек қызмет ретінде емес, ел алдындағы қасиетті парыз ретінде ұғындырып отырады. Оның бастамасымен бөлімше ішінде кешенді оқу-жаттығулар, тактикалық дайындықтар, моральдық-психологиялық сабақтар жиі өткізіліп тұрады. Әр сарбаздың бойына жауапкершілік, шапшаңдық, сабырлық сияқты қасиеттерді сіңіру – басты мақсат.

Бөлімшенің материалдық-техникалық базасы да заман талабына сай жаңартылып келеді. Қазіргі таңда «Қайнар» шекара бөлімшесі толықтай радиобайланыс құрылғыларымен, түнгі көру құралдарымен, бақылау камераларымен, жылу детекторларымен және мобильді патруль келіктерімен жабдықталған. Бұл – шекара күзетін одан әрі тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бөлімше аумағында салынған жатақхана, асхана, медициналық пункт, спорт алаңы мен тынығу бөлмелері сарбаздар үшін қолайлы жағдай туғызуда.

«Қайнар» бөлімшесінде қызмет атқарып жүрген әр сарбаз – болашақ азамат, болашақ көшбасшы. Себебі бұл бөлімше тек әскери тәртіпті үйретіп қана қоймайды, адам ретінде қалыптастырады. Мұнда әр жас жігіт өмірдің шыңына шыңдалып, елге адал қызмет етуге бейімделеді.

Шекара – бұл сыртқы емес, ішкі жауапкершілік. Шекара күзеті – бұл үнсіз ұран, тынбайтын міндет. Ал сол міндетті адал атқарып жүрген «Қайнар» шекара бөлімшесінің сарбаздары – ел сенімін арқалаған нағыз батыл жүректер.



**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.**



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің Қордай ауданына қарасты «Қайнар» шекара бөлімшесі – шекараның шебі ғана емес, тыныштықтың тұғыры. Бұл жер – Отан алдындағы адалдық пен жауынгерлік рухты шыңдайтын шынайы өмір мектебі. Қайнар – жазық дала мен иірім жолдардың түйіскен тұсы. Осында күн-түн демей ел шетін күзетіп тұрған сарбаздар бар. Олар көзге көрінбейтін қауіппен күресіп, шекара шебін күзетеді.



СЕНІМГЕ ШЕК ҚОЙЫЛМАЙТЫН ҚЫЗМЕТ

Биыл Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекара ведомстволары арасындағы өзара ынтымақтастық тарихындағы маңызды құжаттардың бірі — Сыртқы шекараларды бірлесіп қорғау туралы Келісімге қол қойылғанына 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздіктің қиын-қыстау кезеңдерінде қабылданған бұл жай ғана құқықтық акт емес, елдеріміздің қауіпсіздігі үшін сенімнің, серіктестіктің және ортақ жауапкершіліктің шынайы символына айналды.

1995 жылғы 30 маусымда Алматы қаласында қол қойылған құжат 1993 жылғы Сыртқы шекараларды қорғау жөніндегі ынтымақтастық туралы Меморандум мен 1994–1995 жылдардағы мемлекетаралық келісімдердің заңды жалғасы болды. Бұл Келісім екі елдің шекаралық ведомстволарының іс-қимылын үйлестіруге берік құқықтық негіз қалап, өзара сенім мен түсіністіктің жоғары деңгейін көрсетті.

Ол жылдары әлем күрт өзгеріп жатты, сонымен бірге шекаралар да өзгеріске ұшырады. Тәуелсіздік жолына түскен жаңа мемлекеттер үшін тек аумақтық шекараны анықтап қана қоймай, оны қорғау да маңызды еді. Дәл сол кезде, 1995 жылы Қазақстан мен Ресей сыртқы шекараларды бірлесіп қорғау туралы Келісімге қол қойды, кейін ол ратификацияланды.

Негізгі міндеттер ортақ шекараларды қорғау қызметін бірлесіп атқару, шекараны қорғаудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу, кадрларды оқыту, тәжірибе және жедел ақпарат алмасу болды.

Келісілген шешімдерді іске асыру және шекаралық ведомстволардың нақты ынты-



мақтастығын қамтамасыз ету мақсатында Ресей Федерациясындағы ҚР Шекара қызметінің Жедел тобы және Қазақстан Республикасындағы РФ ФҚҚ-ның Жедел тобы құрылды. Бұл

құрылымдар жай ғана өкілдіктер емес, шынайы ынтымақтастықтың жұмысшы түйіндеріне айналды.

Аталған Келісім шекара бауырластығының нағыз «Ар-на-

мыс кодексіне» айналды. Ол тек шекараны қорғауды ғана емес, сонымен қатар, жедел-іздетіру қызметін, мұрағаттық және ағымдағы ақпаратпен алмасуды, авиация саласындағы ынты-

мақтастықты, кадр даярлауды және әскери қызметшілерді ауыстыруды қамтиды. Бұл үдерістерде олардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің шектелмеуі көзделеді.

Іс жүзінде бұл — тұрақты бірлескен жаттығулар, тәжірибе алмасу, өзара материалдық-техникалық қамтамасыз ету және елдеріміздің қауіпсіздігі — ортақ міндет деген ұғымға негізделді.

Бес жыл сайын ұзартылып отыратын Келісім бүгінгі күні де өз күшінде. Оның ережелері жай ғана нұсқаулық емес, екі ел шекарашыларының кәсіби мәдениетінің бір бөлшегіне айналды.

30 жыл бұл жай ғана дата емес. Бұл — сенім, абырой және одақтастық жауапкершілік қағидаттарына негізделген сенімді қалқанның символы. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының шекаралық қызметтері өз борышын иық тіресе, қауіпсіздік, бейбітшілік пен тұрақтылық бағытында бір мақсатқа жұмыла орындауды жалғастыра береді.

**Капитан
О. ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
«OS-ЧР».**

**Фотоколлажды
дайындаған аға лейтенант**

НА СТРАЖЕ РУБЕЖЕЙ И СЕМЕЙНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

На одном из участков государственной границы круглосуточно несет службу пограничное отделение «Баян Батыр», личный состав которого с честью выполняет поставленные задачи по охране рубежей Родины. В любое время суток, в любую погоду пограничники добросовестно несут боевое дежурство, обеспечивая безопасность и порядок на вверенном участке.



Только за последние полгода отделение продемонстрировало высокие результаты в служебно-боевой деятельности. Благодаря профессионализму, слаженности действий и строгой дисциплине были выявлены 18 нарушителей режима границы и 78 нарушителей пограничного режима.

Однако военнослужащие пограничного отделения «Баян Батыр» известны не только своей службой. Люди, всей душой преданные Родине, обладают поистине огромным сердцем. Чья память об афганской войне, военнослужащие пограничного отделения «Баян Батыр» всегда навешают Дюзельбай Саппарова, принося не только подарки, но и одаривая ветерана своим вниманием и заботой. Этот год не стал исключением.

Не оставляют военнослужащие и детей, оставшихся без попечительства родителей. Так, 2 июня пограничники посетили с гостинцами детский дом, расположенный в городе Булаево.

Уделяя внимание работе с допризывной молодежью с целью их патриотического воспитания, 2 мая в отделении пограничного отделения «Баян Батыр» прошел День открытых дверей, на котором была продемонстрирована военная техника и показан быт пограничников.

Славится пограничное отделение и своими спортсменами, постоянно принимающих участие в сельских спортивных мероприятиях. Так, в соревнованиях по армрестлингу, посвященных празднованию Наурыза, почетное 2 место занял ефрейтор Нуржан Хайдаров.

Отделение активно взаимодействует с сельским сообществом, участвуя во всех значимых культурных и общественных мероприятиях. День Победы, концерты, спортивные соревнования, акции памяти

и субботники — во всем этом военнослужащие принимают самое активное участие. Они помогают в организации мероприятий, выступают на сцене, организуют и проводят встречи с допризывной молодежью и членами клуба «Жас шекарашы».

Одним из организаторов как служебных, так и общественных мероприятий является заместитель начальника пограничного отделения «Баян Батыр» лейтенант Әділхан Бауыржан. Молодой офицер, окончивший два года назад Пограничную академию КНБ, вместе с супругой Жұлдыз Асылбекқызы поехал по распределению на границу. Его служебная дисциплина, инициативность и умение работать с людьми заслужили уважение как среди сослуживцев, так и среди сельчан.

Интересна и личная история офицера. Со своей супругой он познакомился еще в школьные годы. Вместе поступили в вузы Алматы, вместе учились, а после окончания учебы поженились. Сегодня они воспитывают годовалую дочь. Жұлдыз — учитель математики в местной сельской школе. За короткое время она зарекомендовала себя как внимательный педагог и отзывчивый человек. Ученики и родители отмечают ее требовательность, доброжелательность и любовь к своему делу.

Таким образом, пограничное отделение — это не только форпост государственной безопасности, но и активный участник общественной жизни. Здесь служат не просто военные, здесь живут и работают люди, для которых долг, семья и Родина — единое целое. Такие примеры достойны уважения и подражания.

**Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР».**

Фото с департамента.

ҚЫРАҒЫЛЫҚ ПЕН КӘСІБИЛІК ҮЙЛЕСКЕН


Қазақстан мен Өзбекстан шекарасының оңтүстік тұсында орналасқан «Тұрбат» шекара бөлімшесі – ел қауіпсіздігінің сенімді бекінісі. Бұл бөлімше – Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасына қарайтын маңызды нысандардың бірі. 2011 жылы құрылған «Тұрбат» шекара бөлімшесі бүгінде мемлекеттік шекараны күндіз-түні күзетіп, ұлттық қауіпсіздіктің қалқанына айналған.



Аға лейтенант Бахытбек Мұханбет Арманұлы басқаратын бөлімшеде 40 -қа жуық келісімшарт бойынша әскери қызметші қызмет етеді. Олар қырағылықпен, кәсібилікпен және жоғары жауапкершілікпен қызмет атқарып келеді. Бөлімше аумағының жартысы таулы болып келеді. Бұл – шекара күзетін одан әрі күрделендіргенімен, шекарашылардың жаттығу мен

дайындықтағы табандылығын нығайта түсуде. Қызметтік жануарлар мен әскери техникамен толық қамтамасыз етілген заманауи бөлімше.

2024 жыл Тұрбат шекара бөлімшесі үшін табысты жыл болды. Бөлімше Түркістан облысы бойынша департаментінде ең көп әкімшілік құқықбұзушылықтарды анықтаған құрылым ретінде танылды.



Сонымен қатар, осы бөлімшеден үш бірдей үздік маман шықты:

- сержант Айдаров Сауран Ганиевич – «Үздік аға шекара наряды»;
 - аға сержант Жақсыбаев Асхат Пернебаевич – «Үздік аға техник»;
 - кіші сержант Жарылқасын Мейрамбек Әбілсейітұлы – «Үздік кинолог» атанды.
- Тұрбат шекара бөлімшесі – бұл тек ше-

кара күзететін орын емес, бұл – бейбітшілік пен қауіпсіздік күзетшілерінің тірегі. Олар – шекара тыныштығы үшін аянбай тер төгіп жүрген нағыз Отан қорғаушылар.



**Майор
Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР».**
Суреттер шекара
бөлімшесінен.

МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАНЫҢ СЕНІМДІ ҚОРҒАНЫ

Ұлан-ғайыр атырапты мекендеген халқымыз үшін шекара — елдіктің ерен белгісі, Тәуелсіздіктің тұғыры. «Жәнібек» шекаралық бақылау бөлімшесі 2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған сәттен бастап, Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғау жолында сенімді қызмет атқарып келеді.



Бұл бөлімше бүгінде Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара бойында орналасып, күн сайын мыңдаған автокөлік пен жүздеген жолаушының, түрлі жүктердің шекарадан өтуін қатаң бақылауда ұстап отыр. Автокөліктің өткізу пункті тәулік бойы үздіксіз жұмыс істеп, екі ел арасындағы сауда-саттық пен халықтық қатынастың дәнекері болып отыр.

Бұл бөлімшенің атауы мен орналасқан елді мекені – қазақ тарихындағы ұлы тұлға, қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі Жәнібек ханның

құрметіне берілген. Ел мен жердің шебінде тұрған бұл шекаралық бекет – тек қазіргі қауіпсіздік тірегі ғана емес, ұлт рухының жалғасы іспетті.

Шекара шебіндегі қызмет тек тәртіп пен қырағылықты ғана емес, терең жауапкершілік пен тегеурінді дайындықты талап етеді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша бөлімшеде қызмет ететін «Стася» атты арнайы қызметтік ит үздік деп танылып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі орасан үлесі үшін ерекше бағаланды. Бұл жетістіктің артында аға нұсқаушы-бақылаушы

кіші сержант Берманов Ержан Мұхамедияровичтің ерен еңбегі жатқанын айта кетуіміз керек. Оның кәсіби машығы мен жануарды баптаудағы шеберлігі – бүгінгі шекара қызметіндегі сапаның көрінісі.

2025 жылдың алғашқы тоқсанында өткен облыстық байқауда тағы бір шекарашы – үшінші сыныпты сержант Калелов Төлеу Табылдиевич «Ең үздік бақылаушы» номинациясын иеленіп, кәсіби біліктілігімен көзге түсті. Мұндай жетістіктер – бөлімше қызметкерлерінің өз ісіне деген адалдығы мен мемлекет алдын-

дағы парызын абыроймен атқарып жүргенінің дәлелі.

Жәнібек шекаралық бақылау бөлімшесінің қызметі тек қауіпсіздікпен шектелмейді. Бүгінде бұл шекара бекеті – қос мемлекет арасындағы экономикалық байланысты нығайтуға үлес қосып отырған маңызды буын. «Жол картасы» бағдарламасы аясында салынып жатқан «Жәнібек–Орал» бағытындағы тас жолдың 2026 жылға дейін толық аяқталуы – шекаралық аймақтың ғана емес, жалпы Батыс Қазақстан облысының дамуына серпін бермек. Қайсар рухты, табанды мі-

незді шекарашылар – елдің берік қалқаны. Тәулік бойы тынымсыз еңбек етіп, мемлекеттік шекараны көздің қарашығындай күзетіп жүрген олардың кәсібилігі мен жауапкершілігі – ел тыныштығы мен тәуелсіздіктің кепілі.



**Аға лейтенант
А. КӨЛБАЙ,
«ОС-ЧР».**
Суреттер шекара-
ралық бақылау
бөлімшесінен

СЛУЖБА НА МОРЕ – ОСОБАЯ АТМОСФЕРА

Морской порт Баутино в Мангистауской области играет важную роль в казахстанской экономике, являясь ключевым звеном в логистике нефтегазовой отрасли и международной торговли. Через него проходит оборудование для нефтяной отрасли, строительные материалы, продукты питания, металлолом и другие грузы. Порт может принимать до 200 тысяч тонн грузов в год. Здесь удобное расположение и защищенная акватория, поэтому суда не простаивают на рейде и могут загружаться даже в ветреную погоду.

Пограничный контроль на этом участке обеспечивают военнослужащие отделения пограничного контроля «Баутино морской порт» пограничного управления по Каракиянскому району ДПС КНБ по Мангистауской области. Каждый день стражи границы оформляют документы, проверяют пассажиров и грузы, следят за тем, чтобы никто не нарушил правила пересечения границы.

Руководит подразделением майор Бауыржан Ильясов – опытный и требовательный офицер. За годы службы он зарекомендовал себя как грамотный, принципиальный и в то же время внимательный к людям руководитель, умеющий четко организовать работу коллектива и обеспечить надлежащий порядок на порученном участке.

По словам офицера, только за пять месяцев этого года через порт прошло около 130 тысяч тонн различных грузов, и этот показатель будет расти. Все потому, что развивается нефтегазовый сектор, увеличивается объем международных перевозок, а Казахстан активно расширяет торговые связи через Каспий.

Большую помощь в организации службы начальнику отделения оказывают офицеры,



сержанты и рядовые контрактной службы.

Заместитель начальника отделения капитан Алибек Макашаев отвечает за воспитательную работу и координацию действий смен.

– Коллектив здесь подобрался хороший. Люди понимают, куда пришли работать. Служба на море – это и ответственность, и конечно же, особая атмосфера. Тут каждый день новые задачи – оформляем суда, проверяем

грузы, встречаем пассажиров.

Особая роль в работе пункта пропуска у контролеров. Рядовой Ерсарын Акзам – один из них. Ежедневно он оформляет документы, следит за порядком при посадке и высадке пассажиров.

За дисциплиной и организацией работы личного состава следит старшина отделения сержант Дулат Бейспеков. Он контролирует своевременное выполнение задач и следит за внутренним порядком в подразделении.

Контролер рядовой Еркебулан Назарбаев занимается проверкой документов пассажиров и членов экипажей. Его главная обязанность – выявление поддельных документов и пресечение попыток незаконного пересечения границы.

Надежную работу системы учета и контроля обеспечивает техник единой информационной системы рядовой Бисембай Сатыбаев. Он отвечает за исправность и бесперебойную работу компьютерного оборудования и связи, без которых современный пограничный контроль невозможен.

На пункте пропуска несет службу кинолога младший сержант Руслан Джубашаев со своей

служебной собакой по кличке «Томила». Обязанности боевой пары – досмотр судов, грузов и транспорта на наличие запрещенных веществ и предметов.

По словам младшего сержанта, собака отлично чувствует обстановку и четко реагирует на команды. Регулярные тренировки, хорошее взаимопонимание и опыт помогают эффективно справляться с задачами.

Каждый день в порту оформляется около пятнадцати судов. Бывает, что задерживают людей, которым запрещен выезд из страны или тех, кто нарушил порядок пересечения границы.

Порт Баутино продолжает развиваться. Правительство уделяет внимание оснащению и условиям работы пограничников. А сами военнослужащие признаются, что несмотря на сложности, работа здесь им нравится. Морской воздух, Каспий и ощущение, что ты выполняешь важное дело, делают каждый рабочий день особенным.



Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото капитана А. МАКАШЕВА.

КӨЗГЕ ТҮСКЕН ЕРЛІК

Шекара — ел егемендігінің айнасы. Ал оны күн-түн демей күзететін шекарашылар — мемлекеттің тыныштығы мен тұтастығының тірегі. Осы орайда еліміздің батыс қақпасындағы «Шаған» шекаралық өткізу бекеті — тек инфрақұрылымдық нысан емес, ол ел қауіпсіздігінің тірегі, мемлекеттік шекараның берік қорғаны екенін дәлелдеп келеді.



өткізу бекетінде шекарашылардың қырағылығы мен кәсіби шеберлігі нәтижесінде аса ірі заңбұзушылықтың жолы кесілді. 7 және 17 қазан күндері шекарадан өтпек болған екі жүк көлігіне жүргізілген тексеріс барысында акциздік маркасыз, құжатсыз және рұқсатсыз тасымалданған темекі өнімдері анықталды.

Контрабандалық тауарлар тиелген фуралар тоқтатылып, ел бюджетіне келтірілуі мүмкін жүздеген миллион теңге шығынның алды алынды. Қазіргі таңда бұл дерек бойынша қылмыстық іс қозғалып, мате-

Бұл оқиға шекарашылардың тек шекара күзетушілері ғана емес, ел қауіпсіздігінің алдыңғы шебінде тұрған жауапты тұлғалар екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

«Шаған» өткізу бекеті — географиялық орналасуы жағынан да ерекше. Табиғаты көркем, көз тартар жерге орналасқан бекет жақында үлкен шығармашылық жобаның алаңына айналды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Жібек жолы» телеарнасы шекарашылардың қызметі туралы арнайы бейнематериал түсіру үшін дәл осы жерді таңдады. Бейнеролик заманауи техникалық сапада түсіріліп, алдағы уақытта түрлі байқаулар мен конкурстарға жолданбақ.

Көркем табиғат пен темірдей тәртіп үндескен бұл бейнеролик — ел шекарасындағы қызметтің салмағын, шекарашы өмірінің тыныс-тіршілігін кеңінен насихаттайтын маңызды дүние болмақ. Бұл — ел тыныштығы үшін аянбай тер төгіп жүрген шекарашылар еңбегінің лайықты бағалануы.

«Шаған» өткізу бекеті — жай ғана шекаралық нүкте емес, ол — мемлекеттің шетінде орналасқан сенімді қалқан. Мұнда қызмет етіп жүрген әрбір әскери қызметші — Отан алдындағы парызын абыроймен атқарып, ел болашағы үшін аянбай тер төгіп жүрген ержүрек жандар.

Осындай ұлт тыныштығын күзетіп жүрген ерлердің ерлігі ел есінде қалуға тиіс. «Шаған» өткізу бекеті бүгінде тек өткел емес, Тәуелсіз Қазақстанның шекара шебіндегі айқын болмысы.

Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР».
Суреттер шекаралық бақылау бөлімшесінен.

2011 жылдан бері қызмет істеп келе жатқан бұл бекет — екіжақты жүк және жолаушылар тасымалын тәулік бойы қамтамасыз ететін маңызды шекара нүктелерінің бірі. Жыл сайын мыңдаған көлік

пен азаматтар осы өткел арқылы шекара асуда. Ал соңғы айда ғана бекет арқылы 100-ге жуық автокөлік өтіп, бұл орынның стратегиялық маңызын айқын көрсетті.

2024 жылдың қазан айында «Шаған»

риалдар тиісті құқық қорғау органдарына жолданды. Тергеу барысында заңсыз тасымал арналарымен халықаралық қылмыстық топтармен ықтимал байланыстар анықталуда.

ИНЖЕНЕРЛІК ҚОРҒАНЫС ЖҮЙЕСІ КҮШЕЙТІЛДІ

2025 жылдың маусымында Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментінің Күршім ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Теректі» шекара бөліміне қарасты шекара бөлімшелерінде басталған «Инженерлік айлық» өз мәресіне жетуге аз қалды.

Ауқымды іс-шара шекара бойындағы инженерлік бөгеттерді, бақылау пункттерінің инженерлік құрылыстарды жетілдіруді мақсат еткен болатын. Айлық барысында шекара нарядтарының бағыттарында орналасқан тосқауылдары, орлар мен қоршау сымдар, инженерлік құрылыстар мен кедергілерге маусымдық қызмет көрсетіліп, олар жаңартылып, нығайтылды. Сонымен қатар, шекаралық бақылау мұнаралары мен электр дабыл беру кешендері де тексеріліп, жөндеуден өткізілді.

Жергілікті жердің күрделі табиғи жағдайларын ескере отырып, шекара аймағындағы жүріп өту маршруттары қайта қаралып, техниканың еркін қозғалуына жағдай жасалды. Уақытша өткелдер мен көпірлер салу арқылы әскери бөлімшелердің арасында бір-біріне қатынау мүмкіндігі артты. Су аймақтарынан өтуге мүмкіндік беретін учаскелерге қосымша бақылау орнатылып, инженерлік қорғаныс жүйесі күшейтілді. Инженерлік бөлім техникалық құралдарды тиімді пайдаланып, бөгеттер орнату, жол бойындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету секілді жұмыстарды жоғары деңгейде орындады.

Нақты нәтижелерге тоқталсақ: Теректі шекара



бөлімшесінде бір көпірге толық жөндеу жұмысы жүргізілді, бір жылыту пункті жасақталды, жалпы ұзындығы 19 500 метр болатын электр дабыл кешенінің айналасы шөптен тазартылды, сондай-ақ дәл осы қашықтықтағы із-бақылау жолағы өңделіп жұмыс жағдайына келтірілді. Бес темір бақылау мұнарасына жөндеу жасалды, 300 метрлік қорғаныс пунктіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, екі су өткізгіш арна тазаланып, қайта қалыпқа келтірілді.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде шекара бөлімшелерінің техникалық дайындығы артты, инженерлік қорғаныс нығайтылды. Бұл шекаралық қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай күшейтумен қатар, жауынгерлердің жауынгерлік әзірлігіне де оң әсер етті. «Инженерлік айлық» – тек жоспарлы техникалық жұмыс емес, ол – шекара шебін нығайту жолындағы маңызды әрі қажетті қауіпсіздік шарасы. Алдағы уақытта да Шекара қызметі инженерлік қамтамасыз етуді үздіксіз жетілдіріп, мемлекет шекарасының беріктігін арттыру бағытындағы жұмыстарын жалғастыра бермек.

**Подполковник
Ф. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».**
**Сурет шекара
басқармасынан.**

ТЕМІРМЕН ТІККЕН ТЫНЫШТЫҚ

Еліміздің шекарасы – бабалар аманаты, елдік пен ерліктің межесі. Сол шекараны тас-түйін күзетіп, әр қадамын темірдей тәртіппен бекемдеп жүрген инженерлік бөлімнің еңбегі орасан зор. Ел болашағы үшін аса маңызды. Мемлекеттік шекарамызды заңсыз бұзып өтпек болғандардың алдын-алу мақсатында ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменті инженерлік-техникалық қамтамасыз ету бөлімі әскери қызметшілерінің еңбегі мол.



Қауіпсіздік дегеніміз – бейбіт күннің кепілі, тәуелсіз елдің темірқазығы. Осы ұлы ұғымды ісімен дәлелдеп жүрген бөлімдердің бірі – Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті бастығының тыл жөніндегі орынбасары полковник Дидар Нұрсағаттың басшылығымен ел шебін нығайтуда тынымсыз еңбек етіп келеді.

Аптап ыстықта маңдай тері сорғалап жүріп, сызбасыз сара жол салып жүрген бұл бөлімнің қызметі – тек темірді пісіру, сым тартумен шектелмейді. Бұл – ел шетінде еңсе тіктеп тұрған әрбір

шекарашыға тірек болу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, Отанға деген адалдықты іс жүзінде дәлелдеу.

2025 жылдың өзінде инженерлік бөлімнің ерен еңбегімен мемлекеттік шекара бойында 3,5 шақырым дәнекерленген қоршау орнатылып, 13 шақырым тікенек сым тартылды. Бұл – жай ғана темір емес, бұл – ел мен ердің арасына тартылған сенім жібі. Бұл қоршаулар – шекара режимін бұзғысы келгендерге тосқауыл, ал ішкі тыныштықты көздеген халық үшін қорған.

Болашақтағы жоспарлар да айқын: тағы да 20 шақырым ті-

кенек сым, 5 шақырым панельдік дәнекер қоршау, 1 темір бақылау мұнарасы, радиолокациялық станцияға арналған мұнара, құрастырмалы көпір және тікұшақ қонатын алаң – бәрі инженерлік есеппен, әскери тиянақпен атқарылмақ.

Бұл тізім – жай есеп емес, бұл – еліміздің әр өңірін шегендеуге бағытталған нақты қадам. Жолдарды жөндеу, бақылау мұнараларын орнату, бейнебақылау жүйелерін жаңарту – осының бәрі шекара шебінде тыныш өмір сүруіміз үшін жасалып жатқан еңбек жемісі.

Айта кету керек, инженерлік

жабдықтарды тасымалдау, қару-жарақ қоймаларын техникалық жағынан қамту сынды көрінбейтін, бірақ күрделі жұмыстар да бір сәтке тоқтамай жүргізілуде.

Бұл бөлімнің әрбір мамыны – темірдей тәртіптің адамы. Олар үшін «болмайды» деген сөз жоқ. Әскери қызметші өз міндетін асқан жауапкершілікпен атқаруы – тек кәсібилік емес, бұл – жүректен шыққан Отанға деген сүйіспеншілік.

«Шекара – елдің кірпіші» десек, сол кірпіштің әр қабаты инженерлердің еңбегімен қаланып жатқаны сөзсіз. Шекара шебінде тыныштық болса – ел ішінде бе-

реке орнайды. Міне, инженерлік бөлімнің қажырлы еңбегі – сол тыныштықтың кепілі. Олар – даңқ пен дүрмектен тыс, бірақ шекара шегендеудің нағыз шеберлері. Ел шетінде ел үшін еңбектеніп жүрген олардың әр күні – болашақ ұрпақ үшін тастай берік тұғыр.



**Аға лейтенант
Ж.ШАРМАКОВ.**
**Суреттерді
түсірген автор.**

ТЕМІР ТҰЛПАР ТІЗГІНДЕГЕН ТАРЛАНДАР

Шуақты күн мен айлы түң, аптап ыстық пен тегеурінді боран алмасқан Жетісудың табиғаты әскери машыққа ерекше сын. Осындай шыңдалу мен шынайы тәжірибеге толы күндерде ел қорғаны - шекара сақшылары кәсіби шеберліктерін жетілдіру үшін оқу-жаттығу жиынына жиналды. Бұл жолы жаттығу даласы – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының учаскесі болды. Маңызды шара ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қару-жарақ департаментінің ұйымдастыру-тәжірибелік жоспары негізінде өтті.

Оқу-жаттығу жиыны – тек техникалық дайындық емес, рухтың сынға түсуі, темір тізгіндеген жауынгердің ептілігі мен табандылығын сындарлы кезеңдерде дәлелдеу алаңы болды. Жаяу әскер жауынгерлік машиналарының алпысқа жуық маманы Қазақстанның әр түкпірінен - Қордай, Алакөл, Мақаншы, Панфилов, Сарыағаш шекара басқармаларынан келіп, бір алаңда бас қосты. Біліктіліктерін шыңдады. Оқу-жиын толық бағдарламаға сай өткізілді. Әрбір сәт әскери машықтың сапалы орындалуына бағытталды.

Көпшіліктің рухын көтеріп, жауынгерлердің шеберлігін шыңдай түскен кезеңдердің бірі – 100 шақырымдық құрамалы жорық болды. Аталған жорық – техникамен емес, төзім мен рухпен жүру, әр экипаж мүшесінің өзара үйлесімділігін шыңдау, нағыз майдандық ортаға бейімделу жаттығуы болды. Жауынгерлік машиналарды тізгіндеген шекарашылар қиын кезеңнен мүдірмей өтіп, шыныққан мамандардың ісіне лайық екендерін көрсетті.

Оқу-жаттығу жиынының қоры-

тынды күні жеңімпаз рух пен еңбек жемісінің көрінісіне айналды. Жаяу әскер жауынгерлік машиналар мамандарынан емтихан қабылданып, дайындық деңгейі сынға түсті. Шара шекара басқармасы бастығының басшылығымен салтанатты түрде жабылды. Жоғары нәтиже көрсеткен үздік мамандар ел алдында ерекше құрметке ие болды.

Солардың ішінде дара шыққандар: «Үздік командир» атағына Абай облысы Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасынан ефрейтор Санат Садуақас лайық деп танылды. Ол командирлік қабілетімен ерекшеленіп, экипажын табандылықпен бастап, тәртіп пен тәрбие үлгісін көрсетті. «Үздік механик-жүргізуші» болып Түркістан облысы Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының аға сержанты Ерлахан Шегірбаев танылды. Ол темір тұлпарды меңгерудегі шеберлігімен және қиын жағдайларда қажетті шешім қабылдай алатын ептілігімен көзге түсті. «Үздік кездеуші-оператор» атағы Абай облысы Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының қатардағы жауынгері Данияр Наурызбаевқа бұйырды. Оның нысанаға дәл тигізу дәлдігі мен салқынқанды шеберлігі жауынгерлік техникадағы үйлесімді әрекеттің шынайы көрінісін паш етті.



Оқу-жаттығу жиынының аға жетекшісі - ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Қару-жарақ басқармасы бастығының орынбасары полковник Дмитрий Бакай болды. Оның кәсіби басшылығымен, нақты тапсыр-

малар мен әскери машықтарды дәл үйлестірудің нәтижесінде жаттығу шарасы жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Аталған оқу-жиын – бүгінгі шекара сақшыларының тек қана шеберлігі емес, Отан алдындағы сертке адалдығын айғақтайтын сын болды. Төзімділік пен табандылықты, тәртіп пен тәрбие сабақтастығын көрсеткен іс-шара - келер ұрпаққа үлгі, алдағы жауынгерлік міндеттерге берік дайындықтың бастауы.

Темір тұлпарды тізгіндеген әрбір шекарашы – елдің шебінде тұрған жұмыр қылыштай жүрегі ел деп соққан ер азамат. Осындай жаттығулар арқылы ғана болашақ жеңістердің іргетасы қаланары сөзсіз.



Журналистер одағының мүшесі подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-CP». Сурет шекара басқармасынан.

ТӘЖІРИБЕ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Әскери психологтардың жұмысы көбіне көзге көріне бермейді. Есесіне, оларға жүктелген міндеттің салмағы ауыр. Өйткені, осынау мамандық иелерінің ел шебіндегі шекара бөлімшелерінің ішкі тыныштығы, сарбаздардың моральдық тұрақтылығы, тіпті сын сағаттағы шешім қабылдау қабілеті әлсірейді. Олар тек кеңес беріп қана қоймайды, олар әр сарбаздың жүрегіне сенім ұялатады, түрлі тренингтер өткізу арқылы күш береді.

15-22 маусым аралығында ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің базасында әскери психологтардың біліктілігін арттыруға арналған жиын өтті. ҰҚК Шекара қызметі Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыс департаменті Тәрбиелік және идеологиялық жұмыстар басқармасы психологиялық-әлеуметтанулық, полиграфологиялық қамтамасыз ету және кадрлық құрамға баға беру бөлімінің бастығы подполковник Руслан Бетхер жетекшілік жасаған шара оңтүстіктегі және шығыстағы департаменттердің әскери психологтарының басын қосты. Мұнда мамандар үшін арнайы ұйымдастырылған дәрістер мен тренингтер – кәсіби шеберлікті шыңдауға, рухани төзімділікті арттыруға арналды. Тақырыптық сабақтар мен пікір алмасу сәттері де офицерлердің өзара тәжірибе алмасуларына, заманауи әдістерді меңгеруге мүмкіндік берді.

Лайықты бағасын беру керек, Абай облысынан бастап Қызылордаға дейінгі өңірлердегі психологтардың басын қосудың өзіндік себебі бар. Бір жылдық мерзімді қызметке шақырылған жастарды іріктеу, зерделеу, оларды ел шебіндегі қызметке баулу – аталған аймақтардың психологтарына артылған міндет десек те болғандай... Міне осы жерде сәл шегініс, қалалар мен аудандардағы қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерді біздің әскери психологтарсыз елестету мүмкін емес. Олар әскер қатарына шақырылған жас жігіттердің жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтайды: стресске төзімділігі, тұлға құрылымы, әскердің темірдей қатаң тәртібіне бейімділігі. Бұл – әскери қызметке лайық тұлғаны іріктеудің негізі болып табылады. Департаменттің Ақжардағы оқу базасында өткен жиынның мақсат-мүддесі де осы: көктем-күз айларындағы әскерге шақыру науқаны кезінде жас жігіттерді іріктеуде қандай да бір қателіктің алдын алу. Осы мақсатта жиынға қатысушыларға әскери саладағы ең мықты деген психолог мамандар дәріс оқығанын айту керек. Атап айтар болсақ, ҰҚК Кадрлар департаменті бастығының орынбасары



полковник Гүлжан Бесетаева, Психология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы запастағы подполковник Гүлнар Аужанова, Психикалық денсаулық орталығының маманы, психотерапевт Асия Есембаева, Психологиялық оңалту орталығының бастығы, психиатр Фалия Назханова және ҰҚК Алматы қаласы бойынша департаментінің психолог маманы полковник Ерлан Сағымбаевтар.

Жиынға арнайы шақырылған мамандар офицерлерге әскерге алынған сарбазды немесе қызметке жаңадан кірген тұлғаны психологиялық тұрғыдан зерделеу кезінде ең алдымен назар аударылатын негізгі бағыттарға тоқталды. Олардың жеке тұлғалық қасиеттері, эмоциялық тұрақтылығы, мотивация және қызметке көзқарасы, интеллектуалдық қабілет деңгейі, әлеуметтік бейімделуі сондай-ақ медициналық-психологиялық жағдайын анықтау жолдарын көрсетті. Арасында тренингтерге де кезек беріліп, офицерлердің «сыннан» қалай өткендерінің де куәсіне айналдық. Осы жерде біз әсіресе Г.Аужанованың өзіндік әдісіне

тәнті болдық. Дәрістен кейін офицерлер өздеріне берілген тапсырмаларды топ болып орындауға кіріскен кезде біз ҰҚК органдары арасында ғана Шекара қызметінде де танымал тұлғалардың біріне айналған Гүлнар Асимкулқызын сөзге тарттық.

– Байқасаңыз, офицерлердің арасында көшбасшылар көбірек кездеседі. Тек олардың өздері мұны жаһанға жария етпейді: жай ғана басқаларға сөзін өткізе алады, топтың назарын өзіне аударады, біреуге емес, өз шешімінің дұрыстығына сенеді. Топ ішіндегі ықпал ету деңгейі мен ұйымдастырушылық қасиеті де көбірек рөл ойнайды...

Мәселен, ана офицерді қараңызшы...

Мен сабақ жетекшісі байқатпай көрсеткен офицерге назар аудардым. Қарапайым, менің ойымша асып бара жатқан ештеңесі жоқ. Сабырлы. Топ болып жасап жатқан шекара бөлімшесінің макеті үшін шекаралық бақылау мұнарасын жасауға кірісіп кеткен. Тек, офицердің «шедеврін» шекарадағы өзіміз көріп жүрген мұнараға ұқсату қиын еді...

– Ол қазір ешкіммен байланысқа түспей, өз ісімен айналысуда. Бірақ, ол осындағы

көшбасшылардың бірі екендігінде дау жоқ. Сондықтан, айналасындағы әріптестері соның ақыл-кеңесіне көбірек құлақ түріп, айтқанын орындауға бейім тұрады, деген ғалымның сөзіне шүбәмен қарадық...

Сөйтсек, қателесіппіз, керісінше Гүлнар Асимкулқызы дұрыс айтыпты. Мұны тренинг аяқталып, офицерлер өздері жасаған жұмыстарын таныстыруға кіріскен кезде көз жеткізіп, оқытушыға риза болғанымызды несің жасырайық.

...Осылайша, дәріс аяқталып, үзіліс жарияланған кезді пайдаланып, біз енді жиын жетекшісі подполковник Р.Бетхерді сөзге тарттық.

– Бүгінгі жиынға біз техникалық және кәсіби даярлық бөлімдерімен тығыз жұмыс істейтін психологтарды тарттық. Енді санаулы уақыттан соң әскерге шақырудың кезекті науқаны басталады. Өз кезегінде, бұл да офицерлерден жоғары кәсіби біліктілікті талап етеді. Сондықтан біздің мақсат, психологтарға жаңа білім беру, жеке құраммен тренингтерді өткізу тәртіптерін үйрету, біліктіліктерін көтеру болып табылады. Өйткені, «заманына қарай адамы» демекші, ұрпақтар да бірнеше кезеңге бөлінетінін естен шығармауға тиіспіз. Соның ішінде қазіргі заманның жастары әсіресе соңғы үлгідегі техника, яғни ұялы телефон, ғаламторсыз тұра алмайтын ескерсек, біздің олармен жұмыс істеу әдістеріміз де бөлек болуға тиіс. Жиында біз жасына баса назар аударуға тырыстық, - дейді Руслан Робертович.

Сондай-ақ, жиын кезінде Тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыс департаменті Тәрбиелік және идеологиялық жұмыстар басқармасы психологиялық-әлеуметтанулық, полиграфологиялық қамтамасыз ету және кадрлық құрамға баға беру бөлімінің консультанты подполковник Алмас Болатханов офицерлермен дәріс өткізіп, өзінің тәжірибесімен бөлісті.

Сондықтан, аптаға созылған басқосу – көп шаралардың бірі емес, ортақ мақсатқа негізделген жиын болғаны хақ.

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP». Суретті түсірген автор.

ӘР САРБАЗДЫҢ ЖАЙЫН БІЛГЕН

Отан алдындағы адал борышын мінсіз атқарып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында табанды қызмет етіп жүрген әскери қызметшілер – ел тыныштығының қалқаны. Ондай азаматтар қатарында 20 жылға жуық уақытын Шекара қызметіне арнап, өзінің кәсібіне шынайы жауапкершілікпен қарайтын старшина Абишев Талғат та бар.

Ол мерзімді әскери қызметін өтегеннен кейін 2006 жылдың мамыр айында Шекара қызметінің қатарына қабылданған. Алғашқы лауазымдық жолын «Қуандария» шекара заставасында бөлімше командирі болып бастап, өз қызметінде жауапкершілік пен тәртіпті басты ұстанымға айналдырған. 2010 жылдан бастап «Шопанқазған» шекара заставасында старшина лауазымын атқарып, ұжымы арасында үлкен беделге ие болды. Қазіргі уақытта Талғат Сәрсембайұлы шекара бөлімшесінде асхана бастығы ретінде қызмет етуде. Бұл міндет тек әскерилерді тамақтандырумен шектелмейді, сонымен



қатар нарядта жүрген жеке құрамның уақытылы, сапалы тамақтануын қамтамасыз ету, асханадағы тәртіп пен тазалықты бақылау, ас әзірлейтін персоналмен үйлесімді қарым-қатынас орнату сынды маңызды жауапкершілікті талап етеді.

Ол әр сарбаздың күнделікті уақытылы тамақтанып, қызметін тыңғылықты атқаруына жағдай жасап, моральдық-психологиялық жайлылықтың бір бөлігін қамтамасыз етіп отыр. Жеке құраммен өзара сыйластық пен сенімге негізделген қарым-қатынасы – оның білікті маман екенін көрсетеді. Отбасында Талғат үш баланың әкесі. Жұмыс пен үй арасындағы тепе-теңдікті сақтап, үлгілі әке болуда. Оның еңбегі – шекара шебіндегі тыныштықтың бір бөлшегі, ал

қызметке деген адалдығы – кейінгі буынға үлгі.

Абишев Талғаттың шекара қызметіндегі табанды еңбегі мен адалдығы – жас сарбаздарға үлгі боларлықтай. Ол атқарып жүрген қарапайым, бірақ жауапты іс – жеке құрамның тамақтануын ұйымдастыру арқылы әскери тәртіп пен сарбаздардың жауынгерлік дайындығына өз үлесін қосып келеді. Ең бастысы – адалдықпен, шын ықыласпен істелген әр іс ұрпаққа өнеге, ел қорғаны болуға ұмтылған жастарға бағыт-бағдар. Ұзақ жылдық тәжірибе мен өмірден түйген тағылымы мол Талғаттай азаматтардың арқасында шекарамыз берік, болашағымыз нық болмақ.



Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР». Суретті
түсірген автор.

СЕНІМДІ СЕРЖАНТ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының Қарабұта шекара бөлімшесінде 3-мобильдік топтың аға нұсқаушысы қызметін абыроймен атқарып жүрген кіші сержант Құмашев Олжас Бақтығалиұлы — ел іргесін күзеткен жауапты қызметтің білікті мамандарының бірі.



7 наурызынан бастап бүгінгі күнге дейін Қарабұта шекара бөлімшесінде 3-мобильдік топтың аға нұсқаушысы лауазымында еңбек етуде.

Олжас Бақтығалиұлы шекара шебінде тек тәртіп пен қырағылық танытып қана қоймай, 2023 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Қызметтік кинология басқармасында іздестіру қызметі бағыты бойынша қызметтік иттер мамандарын дайындау курсына сәтті аяқтап шыққан. Бұл – оның шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі кәсіби шеберлігі мен салаға деген адалдығын тағы бір мәрте дәлелдейді.

Бүгінде ол – отбасының тірегі, жұбайы мен екі қызына адал жар мейірімді әке. Қызмет пен отбасын қатар алып жүрген кіші сержант Құмашев – жас сарбаздарға үлгі боларлық тұлға.

Жауапкершілік жүгі ауыр шекара қызметінде мобильдік топтардың маңызы ерекше. Олар кез келген тосын жағдайға дереу әрекет етіп, шекара тәртібінің бұзылуына жол бермейді. Мұндай топтардың тиімді жұмыс істеуі тікелей аға нұсқаушының біліктілігіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, кіші сержант Құмашев өз ісінің шебері екенін бірнеше мәрте дәлелдеген.

Қызметтік кинология бағыты бойынша да Олжас Бақтығалиұлы үздік мамандар қатарында. Оның серігі — арнайы үйретілген қызметтік иттің көмегімен бірнеше рет заңсыз шекара бұзу әрекеттерінің жолы кесілген. Кинолог болу – жай ғана итпен жүру емес, бұл – сенім мен тәртіпке негізделген кәсіби жауапкершілік. Бұл жағынан да кіші сержант Құмашев жоғары бағаланып келеді.

Кіші сержант Құмашевтың шекара шебіндегі тынымсыз еңбегі – Тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды үлес. Олжас секілді өз ісіне адал азаматтар барда, ел шебінің тұтастығына сенім мол.



Аға лейтенант
Е. КАЙРТАЙ,
«OS-ЧР».
Сурет басқармадан.

Олжас Бақтығалиұлы 1997 жылы 3 қыркүйекте бұрынғы Семей облысы қазіргі Абай облысының Мақаншы ауданындағы Мақаншы ауылында дүниеге келген. Бала күнінен елге, туған жерге адал қызмет етуді арман еткен жас өрен 2003–2014 жылдар аралығында Сәкен Сейфуллин атындағы орта мектепте білім алып, кейін 2014–2017 жылдары аралығында Семей қаласындағы Еуразиялық Техничко-гуманитарлық колледжінде «Өрт сөндіру инспекторы» мамандығы бойынша білімін жалғастырды.

2017–2018 жылдары аралығында ол Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шонжы ауылында орналасқан 2534 әскери бөлімде мерзімді әскери борышын абыроймен өтеді. Әскердегі тәртіп пен жауапкершілік оған Шекара қызметіне деген қызығушылық пен ынты-жігер сыйлады.

2019 жылдың 8 тамызынан бастап 2024 жылдың 7 наурызына дейін Мақаншы шекара басқармасына қарасты Ақшоқы шекара бөлімінің 2-мобильдік тобының аға нұсқаушысы қызметін атқарған. Ал 2024 жылдың

ПОБЕДИТЕЛЬ ПО ЖИЗНИ

Пограничная служба – это одна из самых ответственных и требующих высокой дисциплины сфер деятельности. На границе, где каждый шаг имеет важное значение, есть люди, чья преданность и патриотизм становятся вдохновением для других.



Техник пограничного отделения «Уялы» Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области рядовой Асхат Турлыбеков родился 28 ноября 1997 года в селе Уялы Акжарского района Северо-Казахстанской области. И с этого момента началась история его побед.

В возрасте 5 лет Асхат Бахытгалиевич пошел в Уялинскую среднюю школу имени С. Садвакасова. Будучи самым маленьким по возрасту, он не сдавал своих позиций и упорно вгрызался в гранит науки. Видя в сыне задатки бойца, родители отправляют его на секцию казахской борьбы, где наш герой показал свой характер и стремление к победам.

В 15 лет Асхат Турлыбеков выпускается со школы и выбирает факультет гражданской обороны в ВУЗе города Кокшетау. Отучившись 5 лет, парень принимает присягу в воинской части 44736 города Семей для исполнения долга перед Родиной. И для него начинаются дни, наполненные воинским долгом, постоянно закаляющие волю и характер нашего героя.

Прибыв в родное село, после увольнения в запас, Асхат продолжает свои тренировки по борьбе и замечает, что в ставшем родном спортивном зале постоянно тренируются пограничники. После непродолжительных раздумий, он

принимает решение связать свою жизнь со служением Родине и 5 апреля 2021 года рядовой А. Турлыбеков был назначен на должность водителя-разведчика в пограничное отделение «Уялы» Департамента ПС КНБ по СКО.

Привыкший к победам, Асхат Бахытгалиевич всегда добросовестно относился к поставленной задаче и выполнял не только обязанности водителя, но и обязанности вахтанной на тот момент должности техника подразделения. В 2023 году он находит любовь всей своей жизни, и завоевав сердце своей избранницы, женится на ней.

Свободное от службы время теперь наполняют не только постоянные тренировки борьбой и футболом, но, также игры и заботы о подрастающей дочери. Многократный чемпион Северо-Казахстанской области по казахской борьбе рядовой Турлыбеков Асхат Бахытгалиевич живет и служит как на татами – прилагая максимум усилий ради достижения победного результата.



Майор
Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР».
Фото из
личного архива.

ӘР ІСІНЕ ЖАУАПТЫ

Мемлекеттің шекарасын күзету – қырағылықты, табандылықты және үлкен жауапкершілікті талап ететін қасиетті міндет. Осы салада ондаған жыл бойы аянбай еңбек етіп, нағыз кәсіби шеберге айналған шекарашылар бар.



Солардың бірі – Қостанай облысы бойынша ҰҚК Шекара қызметі департаментіне қарасты Тобыл шекара бөлімшесінің аға технигі аға сержант Зайбулаев Руслан Жамалдинович.

1983 жылдың 7 шілдесінде дүниеге келген Руслан Жамалдинович өзінің әскери борышын 2086 әскери бөлімі Мақаншы шекара отрядында өтеп, қызмет жолын шекара шебінде бастаған. Бүгінде ол Шекара қызметі қатарында 24 жыл бойы үздіксіз еңбек етіп келеді.

Аға сержант Р.Зайбулаев қазіргі таңда «Тобыл» шекара бөлімшесінде техникамен қамтамасыз ету саласына жауапты. Оның тікелей бақылауында – снегоходтар, МТЛБ, УАЗ, «Агрома» ТГ-90 сияқты арнайы көліктер, сондай-ақ бақылау-із жолағы, инженерлік бөгеттер, металлдан жасалған бақылау мұнаралары,

жылыту жүйелері мен шекаралық бақылау бекеттеріндегі жасырын қондырғылар бар.

– Аға сержант Зайбулаев Руслан біздің бөлімшенің сенімді тірегі. Ол өз ісіне адал, тиянақты әрі жауапкершілігі жоғары маман. Қандай тапсырма болса да, мүлтіксіз орындайды. Жас шекарашыларға үлгі болатын азамат, – дейді Тобыл шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Әбдіхалықов Нурлан Ералинұлы.

Көп жылғы адал қызметінің нәтижесінде Руслан Жамалдинович түрлі марапаттарға ие болды. Ол ҰҚК Шекара қызметі директорының атынан, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар тарапынан алғыс хаттармен марапатталған. Сонымен қатар «Шекара қызметінің үздігі» төсбелгісінің иегері.

Отбасында да Руслан Жамалдинович – үлгілі әке, мейірімді жар. Жұбайы Ульяна Александровна Зайбулаева –

бұған дейін Шекара қызметінде еңбек еткен, бүгінде отбасының ұйытқысы. Ерлі-зайыптылар екі қыз тәрбиелеп отыр. Үлкен қызы биыл 11-сыныпты аяқтап, стоматология мамандығы бойынша медициналық университетке түсуді мақсат етіп отыр. Ал кенже қызы 5-сынып оқушысы, болашақта суретші болуды армандайды.

Р. Зайбулаевтар отбасы өзінің бірлігімен, тәрбиесімен ерекшеленіп, «Үздік отбасы» атағына лайық деп танылған. Аға сержант Руслан Жамалдиновичтің еңбек жолы мен өмірі жас шекарашылар үшін үлгі - өнеге болары анық.

**Лейтенант Н. САКЕН,
«OS-ЧР».**
Сурет департаменттен.

МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНЫ



Шекара қызметі – бұл тек әскери тәртіп пен тәрбие ғана емес, сонымен қатар рух пен патриотизмнің қайнар көзі. Сол рухты күнделікті еңбегімен қалыптастырып жүрген жандардың бірі – Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының мәдени қызметкері, клуб бастығы, фотограф және кинемеханик Жоланов Жеңіс Сарсенбекұлы.

Жоланов Жеңіс 1978 жылы 9 мамырда Сарыағаш ауданы, Құркелес ауылдық округіне қарасты М. Өзтүрік ауылында дүниеге келген. Бала күнінен еңбекқорлық пен ізденіске жаны жақын болған ол 1984-1993 жылдары М.Мақатаев атындағы орта мектепті тәмамдап, одан кейін ұлттық спорт саласына қызығушылық танытып, №31 кәсіптік училищеде білімін жалғастырды. Жас жігіттің

елге деген сүйіспеншілігі 1997-1999 жылдары Талдықорған қаласындағы 18404 әскери бөлімінде мерзімді әскери борышын өтеу кезінде ерекше айқындалды. Бұл кезең оның азаматтық көзқарасын қалыптастырып, жауапкершілік пен тәртіпке баулыды. Әскерден кейінгі еңбек жолы да сан салалы болды. 1999-2003 жылдары аралығында «Демеу» минералды су зауытында аға оператор қызметін атқарса, кейін 2003-2010 жылдары Сарыағаш аудандық «Сәт» телеарнасында аға бейнеоператор ретінде жұмыс істеп, бұқаралық ақпарат құралдары саласында да өзіндік із қалдырды.

2010 жылдың 7 мамырынан бері Жеңіс Сарсенбекұлы – Шекара қызметінің сапында. Ол – жауынгерлердің рухын көтеріп, мәдени тыныс беретін іс-шаралардың ұйытқысы.

Клуб бастығы ретінде көптеген тәрбиелік мәні зор концерттер мен патриоттық кештерді ұйымдастырып келеді. Оның камерасы сарбаздардың күнделікті өмірін бейнелеп, тарихқа хатталып жатқан өмірдің бейнесін сақтап келеді. Жеке өмірінде де үлгілі әке – 2007 жылы отбасын құрып, бүгінде екі ұл мен екі қыз тәрбиелеп отыр. Қызметінде жауапты, отбасында қамқор, қоғамда үлгі бола білген азамат бірнеше мәрте алғыс хаттар мен марапаттарға ие болған.

Жоланов Жеңіс Сарсенбекұлы – шекара шебіндегі мәдениеттің жаршысы, рухани тәрбие мен бейнелеу өнерін тоғыстыра білген, нағыз шығармашыл шекарашы. Оның қызметі – ел тыныштығын күзетіп жүрген сарбаздарға шабыт пен сенім сыйлайтын рухани тірек.

Майор Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

ПО СЛЕДУ СЛУЖБЫ И МЕЧТЫ

У каждого человека есть мечта, и у Бахитхана Мукушева она с детства была четкой – стоять на страже рубежей Родины. Образ пограничника в военной форме с верным служебным псом еще в первом классе запал ему в сердце.



Сегодня он сам является достойным представителем этой уважаемой профессии, уверенно несущий службу в отделении пограничного контроля «Тобол» (железнодорожное) Департамента ПС КНБ по Костанайской области.

Родился Бахитхан Аулиханович 29 сентября 1984 года в селе Семиозерное Костанайской области, в семье служащих. После окончания Аманкарагайской средней школы с гуманитарным уклоном, где активно участвовал в олимпиадах по истории и французскому языку, он получил высшее юридическое образование. Однако в 2006 году принял решение служить Родине – с этого начался его путь в Пограничной службе.

Сначала учебный центр в Алматы, затем служба на пограничной заставе «Евразия» Атырауского отряда, где участвовал в задержании браконьеров в акватории Каспийского моря. После этого он был переведен в Костанайскую область, где продолжил службу в отделении пограничного контроля «Тобол» (железнодорожное).

За годы службы сержант 3-го класса Б. Мукушев проявил себя как ответственный и компетентный специалист. Он уверенно выявляет нарушителей, ведет работу по административным и гражданским делам, обладает высоким уровнем подготовки в области радиационного контроля. Его знания подкреплены практическим опытом и многочисленными курсами, включая международные – в том числе в Российской Федерации.

– Когда я только начинал путь в Пограничной службе, я знал одно – хочу быть полезным своей стране. Пограничник – это не просто человек в форме, а лицо государства. Мы первые, кого видит человек, пересекая рубеж нашей Родины. И от нас зависит, насколько уверенно и безопасно он это сделает, – говорит военнослужащий.

На его счету десятки задержаний нарушителей режима Государственной границы, выявление лиц, находящихся в розыске, а также предотвращение ввоза через границу грузов с превышением допустимого уровня ионизирующего излучения.

Женат, воспитывает двух сыновей. Супруга – учитель английского языка в Тобольской средней школе. Бахитхан Мукушев не только надежный военнослужащий, но и заботливый отец, пример для своих детей.

Сегодня, имея за плечами почти 15 лет службы, он не представляет своей жизни вне пограничной формы.

– Мечта может казаться далекой, но если ты идешь к ней с верой и трудом, она обязательно станет реальностью. Я в этом убедился сам. И теперь с уверенностью говорю: я горжусь тем, что я – пограничник, – говорит Б. Мукушев.



**Лейтенант
Н. САКЕН, «OS-ЧР».**
Фото из личного
архива Б. МУКУШЕВА.

АҚИҚАТ ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ МЕРЕКЕСІ

Еліміздің қоғамдық өмірінде бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Жаңалықты жедел таратып, қоғамның көз-құлағы болып отырған журналистика – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін сала. Жыл сайын маусымның 28-і күні атап өтілетін Бұқаралық ақпарат құралдары күні – осы жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген журналистер мен сала мамандарына көрсетілген құрмет.

Мереке қарсаңында ҰҚК Шекара қызметінің қалам мен қаруды қатар ұстаған журналистері Қазақстан журналистер одағының мүшесі атанды. Олар – Әскери-патриоттық қызметі басқарма сының офицер тілшілері подполковник Жанар Кемел, капитан Олжас Жақсылықов және Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің тілшісі капитан Асхат Жаналипов. Отандық БАҚ саласында шекараның үнін, сарбаздың арманын, халықтың тыныштығын жеткізіп жүрген әріптестеріміздің әр мақаласы қызықты да өзекті. Олар шекара шебіндегі сарбаздардың өмірін, қызметін, ерлігін елге таныта білді. Әр сарбаздың жан-дүниесін үңіле білген әскери тілшілердің жазбасынан қарапайым шекарашының бейнесі үлкен қаһармандықпен өріліп жатады.

Журналистиканың майданы – микрофон мен камера ғана емес, сонымен қатар жауапкершілік пен адалдық. Қиын-қыстау кезеңдерде де ақпарат майданында алдыңғы шепте жүретін – осы саланың мамандары.

Бүгінгі таңда шекарамыздың көзі, құлағы һәм тілі болып отырған «Отан сақшысы» газеті мен «Шекарашы» журналы шекарашылардың қызметін қамтып қана қоймай, күш құрылымдары мен қоғам арасындағы алтын көпірге айналды. Тарихы тереңге бойлаған көне әскери басылымда В. Шупейкин, С.Сиқымбайұлы, Б.Ақшолоқов, С.Мартынов, О.Волков, К. Сейтмухаммедов, Н. Сағымбаев, Р. Кагенов, Қ.Турапов, С.Алтаев, Б.Молдахметова, Т.Даулетбаева, М.Қарекенов және т.б. майталман қаламгерлердің халыққа, ел қорғаған сарбаздарға жеткізген үні тарихи маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Олар әскери журналистиканың шынайы жанашыры бола білді. Әр мақаласы шындықпен суарылып, тақырыпты тап басып тауып, әрбір Отан қорғаушының патриоттық сезімін оятты.

Әскери журналист тек жазушы ғана емес, ол қолына қаруын алып шекара шебінде тұрған Отан қорғаушы. Шепте тұрған шекарашының болмысын, парызын, рухын сезіне білетін қасиетті маман иесі. Олар жұрт тыныш ұйықтап жатқанда жұмыс істейді, халық естімегенді жеткізеді, көз көрмегенді көрсетеді.

Қазақ журналистикасының абыз ақсақалы Шерхан Мұртаза айтқандай: «Журналистің жүрегінде от болуы керек. Ол – шындықтың жаршысы, халықтың жоғын жоқтаушы. Журналистің шындықты айтудан қорқуы – сатқындықпен тең».

Бұл – тек ұран емес, бұл – ұстаным. Қай кезде де қа-

ламгер шындықтың жағында тұруы тиіс. Әйтпесе, оның сөзі де, жазбасы да өлшеусіз құрғақ болып қалады.

Осы атаулы күні еліміздің ақпарат кеңістігінде жүрген барлық әріптестерімізді кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Қаламдарыңыз ұштала берсін, оқырмандарыңыз озық болсын демекпіз.



Лейтенант
А. КИРГИЗБАЕВ, «OS-ЧР».
Коллажды жасаған автор.

ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ

Қазір «ұста» деген сөзді естігенде, көз алдымызға шойын мен темірді балқытып, оны балғамен түрлендіріп жатқан көнекөз шеберлердің бейнесі келеді. Алайда бүгінгі қоғамда бұл кәсіптің аты сирек аталып, оны шын мәнінде меңгерген жандардың қатары да жылдан-жылға сиреп бара жатқаны шындық. Бұрын әр ауылда бір ұстахана болушы еді. Ат тағалап, арба-шананы жөндейтін, күнделікті тіршіліктің барлық темір-терсегін қалпына келтіріп беретін шеберлердің қадірі ерекше болатын. Ол заман келмексе кеткенмен, қазақтың төл өнері мен кәсіпкерлігіне жанашыр азаматтар әлі де бар екеніне көзіміз жетті.

Сондай жандардың бірі – Күршім ауданы бойынша Шекара басқармасының әскери қызметшісі сержант Қуаныш Қайырбаев. Қуаныштың үйі Күршімнің батыс шетінде орналасқан үй іргесіндегі шағын ғана ұстаханасынан басталады. Бұл – темірдің ыстығына шыдап, суығына тоңып, маңдай термен сомдалатын киелі орда. Шағын ғана гараж ішіндегі төс, көрік, балға мен қысқаш – бәрі де бала күнімізден көріп өскен, көзге ыстық көрінетін дүниелер.

Мен бұл істі табыс көзі емес, жанымның қалауы деп білемін, – дейді сержант Қуаныш Қайырбаев. – Күнделікті қызметім – Күршім шекара басқармасы-



на қарасты бөлімде келісімшарт негізінде әскери қызмет атқарып келемін. Ал ұсталық – қолым бос кезде айналысатын сүйікті ісім. Дегенмен, ауылдастар ат тағалату, балта-пышақ соғу, сынған темір бұйымдарын жөндеу секілді істермен жиі келіп тұрады. Ешқайсысын бос қайтармаймын. Қолымнан келсе, көмектесуге тырысамын. Ағайынның алғысы – бәрінен қымбат.

Ұста жігіттің сөзінен елге деген құрметі мен еңбекке деген адалдығы анық байқалады. «Ұсталық қаннан келе ме, әлде жаннан ба?»

– деген сауалыма Қуаныш күле жауап беріп, бұл өнердің оған нағашы жұртынан дарығанын айтты. Жанында отырған анасы Шайкамал әжей: «Атасын ұста деу артық болар, бірақ өз өкемнің інісі Көшер шіліңгір ұста болған», – деп еске алды. Демек, Қуанышқа бұл қасиет арғы тегінен тамыр тартып, бүгінгі күнге жеткен іспетті.

Ол тек темір ұстасы емес, сондай-ақ тері илеп, қамшы, жүген, айыл сынды ат әбзелдерін де өзі жасайды. Ат баптап, тазы жүгіртіп, аңшылықпен де айналысады. Оның бойынан кешегі дала ерлерінің салты мен сарыны, тірлігі мен тектілігі сезіледі. Марқұм әкесі Жылытау фермасында шопан болып жүрген кезінде қарусыз күйінде арлан қасқырды үзеңгімен соғып алғаны ел аузында аңыз болып қалған.

– Бұл кәсіпке бет бұрғаныма сегіз жылдай болды. Қолымда үш ұл, бір қыз өсіп келеді. Солардың бірі ұлттық өнер мен дәстүрге бет бұрып, ата жолын жалғастырып кетсе деген тілегім бар. Бүгінде темір соғып, ат баптап,

ит үйретіп, тыным таппай жүрген жайым бар. Жан рахатым да, арманым да – осы еңбекте, – дейді ұста.

Сержант Қуаныш Қайырбаев – бір қарағанда қарапайым әскери қызметші. Алайда оның бойындағы өнер мен өмірге деген құлшынысы, өткенді қадірлеуі мен болашақты ойлауы – нағыз ұсталық рухтың үлгісі. Бүгінде ұмыт бола бастаған кәсіпке жан бітіріп, ауыл ішіндегі халықтың қажетіне жарап жүрген азаматтың еңбегі қандай құрметке де лайық.

Шебердің қолы ортақ, өнері ұрпаққа өнеге. Бүгінгі Қуаныштай азаматтар – жоғала жаздаған ұлттық дәстүрдің отын қайта тұтатып жүрген тұлғалар. Қазақ ұстаны ұлықтап, шеберін қадірлеген ел. Сол ұлық дәстүрдің үзіліп қалмай, қайта жаңғыруы – рухани жаңғырудың нақты көрінісі емес пе!

Подполковник
Ғ. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.

БАҚЫТБЕК БӘМІШПЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ЖҮЗДЕСУ

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының шекара бөлімшелері және кәсіптік-техникалық дайындық бөлімінің жеке құрамы халқымыздың рухани әлеміне терең бойлаған, ұлттық сөз өнерінің абыз өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, филология ғылымдарының кандидаты, Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» төсбелгісінің иегері, белгілі ақын Бақытбек Бәмішпен кездесіп, тағылымды жүздесулер өтті.



Ұлт рухын асқақтатқан поэзия мен өнегелі өмірлік көзқарасқа толы кеш шекара сақшылары үшін ерекше әсерлі, жан толқытарлық сәтке толы болды. Кездесудің негізгі мақсаты – жас сарбаздар мен офицерлерді ұлттық болмыспен суару, олардың бойында елге, жерге деген шексіз махаббатты ояту, патриоттық сананы нығайту еді. Аталған бастама өз жемісін беріп, кеш қонағы мен қатысушылар арасында терең рухани байланыс орнады.

Ақын Бақытбек Бәміш өз сөзінде әдебиет пен руханияттың адам тәрбиесіндегі маңызына тоқтала отырып, өмір жолынан сыр шертті. Ол өзінің шығармашылығына арқау болған ел мен жер

тағдыры, ана тілі, тарихи жады, ұлттық мінез хақын дағы өлеңдерін оқып, жауынгер жүректерге тікелей әсер етер отты шумақтарын тебірене жеткізді. Әсіресе, Бауыржан Момышұлының ерлік пен намысқа толы өмір жолын сипаттай келе, қаһармандықтың тек майдан шебінде ғана емес, күнделікті қызметте де көрініс табатынын терең оймен ұғындырды.

Кездесу барысында жеке құрам өкілдері ақынға түрлі сауалдар қойып, рухани тәрбие мен әскери қызметтің сабақтастығы, әдебиет пен ел қорғау сынды өзекті тақырыптарда мазмұнды пікірлерге қанықты. Жас сарбаздар ұлттық әдебиетке деген қызығушылығын білдіріп, рухани азық алғандарын жасырмады.

Шара соңында жеке құрам ақынға шынайы алғыстарын білдіріп, осындай мәнді де мағыналы жүз-

десулердің алдағы уақытта да жиі ұйымдастырылуын тіледі. Ақынға естелік ретінде бөлім басшылығы тарапынан құрмет көрсетіліп, естелік сыйлық табысталды.

Тағылымды кездесу – тек әдеби шара ғана емес, жүрек пен сана арасын жалған рухани көпір іспеттес болды. Жас жауынгерлер үшін ұлағатты шара – сөз құдіретін ұғынған, ерлік пен елдік жайлы терең ойланған, өз борышына жаңаша серпінмен қарауға түрткі болған әсерлі бір белеске айналды. Рух пен намыс үндескен мұндай жүздесулер ел қорғаны болған шекарашылардың рухани қуатын арттырып, ел алдындағы адал қызметіне тың серпін беретіні анық.

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген
автор.**

100 ШАҚЫРЫМДЫҚ МАРШ

Әрбір сарбаз әскери қызметін курсанттық кезеңнен бастайды. Бұл – жас жауынгер үшін алғашқы тәртіп мектебі, әскери дайындықтың бастауы, нағыз достық пен бірліктің қалыптасатын шағы. Жас сарбаздың алғашқы қадамы, алғашқы әскери көлікпен өткен марш, алғашқы шынайы әскери бауырластық сезімі мәңгі жадында қалады. Жыл сайын жаңа шақырылым сарбаздары осы кезеңдерден өтіп, шекарадағы қызметіне кіріседі. Уақыт өте келе олар бұл кезеңдерді сағынышпен еске алады.



«Көктем-2025» шақырылымымен келген жас жүргізушілер үшін осындай маңызды тәжірибе – 100 шақырымдық оқу-жаттығу маршы ұйымдастырылды. Іс-шара ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаменті Күршім ауданы бойынша шекара басқармасында өткізілді. Маршқа әскери жеңіл және жүк көліктері тартылды.

Айта кету керек, колоннамен қозғалу – жүргізушіден жоғары деңгейдегі шеберлік, зейін мен жедел әрекет етуді талап ететін күрделі тапсырма. Жолда жүргенде жүргізуші арақашықтықты сақтап, айналасындағы жағдайды бақылап, белгі берілген командаларға сай әрекет етуі тиіс. Жас жүргізушілердің іс-қимылын кәсіби және техникалық дайындық бөлімінің тәжірибелі нұсқаушылары бақылады.

Бұл марш тек көлік жүргізу

дағдысын жетілдіру ғана емес, сонымен қатар психологиялық дайындық болды. Кейде қар мен жаңбыр аралас тұманды ауа райында әскери көлікті басқару – әркімнің жүйкесі көтере бермейтін сынақ. Бірақ жас сарбаздарға қойылған міндет – қандай жағдайда болмасын орындалуы тиіс.

Алғашқы ондаған шақырым қиындықсыз өтті. Алайда жас сарбаздарды түрлі кедергілер мен тосқауылдар күтіп тұрды. Солардың бірі – ластанған аумақтан өту болды. Сонымен қатар марш барысында дөңгелек ауыстыру, «Codan» КВ-диапазон радиостанциясы арқылы байланысқа шығу және деректерді беру сияқты тәжірибелік нормативтер орындалды.

Жөндеуді қажет ететін техниканы уақытында эвакуациялау, қалпына келтіру және қатарға қайта қосу үшін колоннаның соңында

материалдық-техникалық қамтамасыз ету көлігі жүрді. Техника сапалы дайындықтан өткендіктен, жоспардан тыс тоқтаулар орын алған жоқ.

Жаттығудың алғашқы кезеңі сәтті аяқталды. Онда тас жолда, топырақты жолда және кедір-бұдырлы жерлерде жүру машықтары пысықталды. Артынша аялдама уақыты жарияланды. Осы үзіліс кезінде техникалық қызмет көрсету сабақтары өткізіліп, көліктердің жүріс бөлігі мен басқару жүйелері тексерілді. Автокөліктер колоннаға қайта сап түзеп, келесі кезеңге дайын тұрды.

Аялдама кезінде әскери қызметшілерге қажетті жағдай жасалған далалық лагерь құрылды. Онда медициналық пункт, даялдық асхана және басқа да қажетті нысандар орналастырылды. Ашық аспан астында ішілген түскі ас

сарбаздарға туған ауылдарындағы табиғат аясындағы демалысты еске салды.

Түскі астан соң жүргізушілерге келесі тапсырмалар бойынша нұсқаулықтар беріліп, колонна қозғалысын жалғастырды. Жолдың әр шақырымы жас сарбаздарды шыңдап, шынайы әскери өмірге бейімдеді. Басқармаға жеткен соң, көліктерге техникалық қызмет көрсетіліп, қорытынды жасалды.

Күршім ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы подполковник Бақыт Омаров марштың қорытындысын шығарып, үздік нәтиже көрсеткен жүргізушілерді атап өтті. Жаттығуды сәтті аяқтаған әскери қызметшілерге арнайы куәліктер табысталды.

Әскери техникамен марш жасау – мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінің басты машықтарының

бірі. Бұл оқу-жаттығудың басты мақсаты – «Көктем-2025» шақырылым сарбаздарының техникалық шеберліктерін жетілдіру болды. Жас жүргізушілер өз кезегінде күрделі жағдайда көлік жүргізу, маневр жасау, кедергілерден өту кезінде табандылық пен төзімділіктің үлгісін көрсетті.

Алда бұл сарбаздарды Отан шебінде қасиетті борыштарын өтеу міндеті күтіп тұр. Олар бүгінгі алған теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларын сол кезде толықтай іске асыратын болады.



**Подполковник
Ф. БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».
Суреттер шекара
басқармасынан.**

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі: Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodina@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты: gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдоос Киргизбаев, Диас Жамұхамбетов.
Меншікті тілшілер:
Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Талдықорған - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Асадилов

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бакетов
Семей - Ердос Қайырмай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрсұлтан Сакен
Орал - Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Әмірбат Айтәлі, Аян Қайыр, Диас Қуанышев
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Нөмірдің кезекші редакторлары: О.Жақсылықов, А.Киргизбаев

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-Г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-ЧР" әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1

«ӘР ГҮЛ ШОҒЫ – БІР ТАҒДЫРДЫҢ СИМВОЛЫ...»

84 жыл. Осыдан тура 84 жыл бұрын 22 маусым күні Ұлы Отан соғысы басталды. Дәл жексенбіде. Мамыражай. Адамдардың ойында ештеңе жоқ. Демалыс. Сіз «Соғыс әйелге жат» деген кітапты оқыдыңыз ба? Нобель сыйлығын алған шығарма. Оқымасаңыз, оқыңыз, өкінбейсіз. Тамаша кітап. Мен секілді сіздің де жүрегіңізді жаулап алатынына сенімдімін.



Өйткені, кітаптың кейіпкерлері – арулар! Брест қамалындағы шекарашылардың жаумен қалай шайқасқандары құлақтарына жете салысымен, қолдарына қару алғанша асыққандар. Соғыс болмағанда ғой, олардың өмірлері басқаша өрілген болар еді... Керісінше:

«...жау Мәскеудің түбіне жетіп келді, Отанды қорғау қажет болды. Мен ғана емес, қыздардың барлығы да майданға ұмтылды. Менің әкем де соғысқа кетті. Біз жалғыз сондай екенбіз деп жүрдік... Ал военкоматқа келсек – қыздар толып жүр. Іріктеп алу өте қатаң болды...», дейді. Ал соғыс бітіп, үйіне оралғаны туралы ше?

Бұл да көзге еріксіз жас тұндырарлық еді. Қараңызшы: «...Келуін келдім-ау, бірақ бәрін де жаңадан бастауыма тура келді. Төпкі киіп жүруді үйрендім, майданды үш жыл бойына етікпен кештік қой. Біз түрлі қайыс белбеулерге үйренгенбіз, ендігі жай киім сөлбірейіп тұрғандай болып көрінеді, өзінді ыңғайсыз сезінесің. Біз юбкаларды мойындамайтынбыз, киетініміз – шалбар, кешке жуасың, астыңа салып жатсаң, үтікелді дей бер. Рас, онша кеппейді де. Аязға шықсаң, қабыршық пайда болады. Азаматтық көйлекпен келе жатсаң да, офицерді көрсең, әскери сәлем беруге еріксіз қолың көтеріле береді. Үйрендік, паек, бәрі

мемлекеттік, сөйтіп нан дүкеніне келгенде керегіңше алып, шығып жүре бересің. Ертесіне ойыңа түседі, ұяласың, кешірім сұрап, бірдеңе аласың да, бәріне бір-ақ төлейсің. Сатушылар бізге ренжімейтін, олар ендігі түсінетін...»

Осыдан кейін Ұлы Жеңістің бізге қалай келгенін өзіңіз-ақ бағамдай беріңіз.

Айтпақшы, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, Алматы облысы бойынша департаменті ғылыми-практикалық конференция өткізді. Шараға генералдар мен жоғары оқу орындарының басшылары, соғыс тақырыбын зерттеп жүрген ғалымдар қатысты. Баяндама жасады. Міне, сол баяндама жасағандардың бірі, аталған департаменттің аға офицері өзінің атасы Ұлы Отан соғысының ардагері ғана емес, Кеңес Одағының Батыры екенін де айта келіп, сахна төріне жайғасқан мәртебелі қонақтарға атасының алтын жұлдызын көрсетті... Білессіз бе, сол

жұлдызды (журналист болғаным үшін) мен де қолыма ұстап көріп, ерекше бір сезімге бөленгенімді несің жасырайын...

...Осы жексенбіде қаладағы 28 гвардиялық-панфиловшылар саябағында Ұлы Отан соғысының басталған күнін еске алу рәсімі өтті. Қайғылы күн. Адам баласына алапат әкелген күн! Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің балалары – «соғыс балалары» әкелерінің рухына тағзым етіп, мәңгілік алаудың басына гүл шоқтарын қойды.

Бұл тақырып – мәңгілік тақырып. Таусылмайтын, шегіне ешкім де, ешқашан да жете алмайтын тақырып екен. Осыдан тура 84 жыл бұрын, дәл жексенбіде

басталған соғыстың ашылмаған тұстары әлі де бар екен. Мұны мен мәңгілік алауға көздері жасаурай қарап қалған ақсақал мен кейуанаға қарап түсіндім.

Айтпақшы, менің анам да «соғыс балаларының» бірі... Бізге Ұлы Жеңіспен бірге бейбіт өмір сыйлаған жауынгердің перзенті.

Сосын да мен Бауыржан Момышұлының кітаптарынан бастап, майдан тақырыбында жазылған шығармаларды қалт жібергім келмейді. «Соғыс әйелге жат» атты туындыны екібастан! Өйткені мұнда батыр қыздар бейнеленген!



84 жыл. Мәңгілік алаудың екі жағында мектеп оқушылары «сап» түзеп тұр. Бұл – жас ұрпақтың Ұлы Жеңіс жауынгерлеріне көрсеткен құрметі екені анық. Солай болуға да тиіс.



**Журналистер одағының мүшесі
Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ТІРШІЛІК ИЕЛЕРІ

Қызылорда облысы – климаты күрт континенталды, құмды және шөлейтті аймақтардың бірі. Бұл өлке тек тарихи-мәдени мұраларымен ғана емес, табиғатында сирек кездесетін өсімдіктерімен де ерекшеленеді. Әсіресе, облыстың шекара шебіндегі Арал, Қазалы, Жалағаш, Шиелі аудандарының құмды аумақтарында ерекше флора сақталған.



Мысалы, сексеуіл мен жыңғыл – өңірдің табиғи қорғаны ғана емес, шекара бойындағы экожүйені сақтауда маңызды рөл атқарады. Бұдан бөлек біздің өңірде қара жусан (*Artemisia turanica*) – емдік қасиеті бар, сирек кездесетін жусан түрі, іле бөріқарақаты (*Berberis iliensis*) – дәрілік бұта қызыл кітапқа енген. Тұщы жоңышқа (*Medicago sativa* var. *falcata*) – тұзды жерге төзімді, шөлейтте сирек кездеседі. Құм қайыңы (*Betula microphylla*) – тек кейбір құмды өзектерде ғана сақталған. Қараған (*Saragana*

spp.) – шөлге төзімді, сирек бұта түрі. Шренк қызғалдағы (*Tulipa schrenkii*) – жабайы қызғалдақ, ерекше қорғауға алынған. Ақ жусан (*Artemisia leucodes*) – аз кездесетін, шөптік өсімдік. Жұпарбас (*Ferula* spp.) – дәрілік қасиеті бар, хош иісті өсімдік түрлері кездеседі. Бұл өсімдіктер топырақты жел эрозиясынан қорғайды, құм көшкіндерінің алдын алады және жан-жануарлар үшін қорек пен көлеңке болып саналады. Сіздерге бір қызықты факт айта кетейін: сексеуіл ағашы шөл далада 10 метрге дейін тереңдікке тамыр

жібере алады! Бұл оны шөлге ең төзімді өсімдік етеді. Сонымен қатар, сексеуілдің бір түбі жылу беру қуаты жағынан көмірмен тең келеді, сондықтан оны халық арасында «шөлдің қара алтыны» деп те атайды.

Бүгінде осы табиғи қазыналарды қорғауда шекара аймағында қызмет етіп жүрген әскери қызметшілердің де үлесі зор. ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің шекарашылары ел шебін күзетумен қатар, табиғатты сақтау ісінде де алдыңғы қатар-

да жүр. Олар шекара маңындағы заңсыз ағаш кесу, сирек өсімдіктердің жойылуы сияқты әрекеттердің алдын алып, табиғатқа жанашырлық танытып келеді. Шекарашылар – тек ел қорғаушысы емес, туған жердің тыныштығы мен байлығының сақшысы. Олар табиғатқа нұқсан келтіретін әрекеттерге тосқауыл қойып, келер ұрпаққа шөлдің шынарындай биік рух пен бай табиғатты аманат етуді басты парыз санайды.

Сондықтан әр азамат туған топырағына құрметпен қарап,

шекара бойындағы осындай сирек кездесетін өсімдіктерге зиян келтірмей, оны қорғауға атсалысуы қажет. Табиғатқа деген қамқорлық – елге деген сүйіспеншіліктің бір көрінісі.



**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ,
«OS-ЧР».
Суреттер
мұрағаттан.**